



# 第一讲 Морфология мен синтаксис грамматиканың екі тарауы ретінде 汉语语法中的语素、词和句式

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Шығыстану факультеті

Оқытушы: Дүйсенбай Құлпынай  
阿里法拉比哈萨克国立大学东方学系汉学教研室  
教师：古普耐







PART  
01

## Грамматикалық бірліктер

Қытай тіліндегі грамматикалық бірліктер морфема 语素, сөз 词, сөз тіркесі 短语, сөйлем 句子 және күрделі синтаксистік бірлік 句群 болып бөлінеді. Сөз морфемадан жасалса, сөз тіркесі сөзден жасалады, сөйлем сөзден және сөз тіркесінен құралады, ал синтаксистік бірлік сөйлемдерден құралады.





PART  
01

Грамматикалық бірліктер

Морфема 语素



қытай тілі грамматикасындағы дыбыс пен мағынадан құралған ең кішкене тілдік бірлік.

Ол көбінесе жалғызбуынды болып келеді.

Мысалы: 民, 数, 门, 车, 钱, т.б.

Кейбір морфемалар қос және көп буынды болады.

Мысалы:

玻璃, 葡萄, 巧克力, 哈萨克, 阿拉木图, 努尔哈利克, т. б.





## PART 01

### Грамматикалық бірліктер

Сөз морфемадан құралады, нақты мағыналары бар морфемалар түбір делінсе, түбірге жалғанып қосымша мағына беретін морфемалар жұрнақ деп аталады.

Қытай тіліндегі морфемалардың басым көпшілігі түбір, ал жұрнақтар өте аз.





词Cөз

Жеке дара емін-еркін қолданылатын, ерекше лексикалық, грамматикалық мағынаға ие ең кіші тілдік бірлік. Мысалы: 写, 说, 人民, 大学, 地方, 计算器, т. б. Морфема мен сөздің айырмашылығы: морфема жеке дара қолданылмайды, ал сөз емін-еркін қолданысқа түсіп, сөйлем мүшесі болаалады.





## PART 01

### Грамматикалық бірліктер

Түбірден құралған сөздер жалаң сөздер деп аталады. Мысалы: 饭, 写, 看, 干, 好, т.б. Кейбір қос буынды немесе көп буынды морфемалардан құралған сөздерде жалаң сөздер болады. Мұндай сөздердің құрамындағы морфемалардың әрқайсысының өз алдына дербес мағынасы болмайды, бәрі бірігіп бір лексикалық мағына береді.

Мысалы: 睡觉, 提醒, 告诉, 伊斯兰教, 碧巴尔斯苏里坦 т. б.





Бірнеше морфемадан құралған сөздер біріккен сөздер деп аталады.

Мысалы : 大衣, 毅力, 作品, 关系, 照顾, 计算器, 公共汽车, т. б.

Сөз сөзжасам талдауының объектісі ретінде морфема деп аталатын өте ұсақ бірліктерден құралады.







Морфема – тілдің ары қарай бөлшектенуге келмейтін ең кіші мағыналық бірлік. Жалпы тіл білімінде морфемаға көптеген анықтамалар берілді. Морфеманың басты ерекшелігі оның сөздегі қызметі, яғни интонацияға дейінгі тілдің кез-келген көмекші тәсілі морфема деп аталады.





Блумфильдтің пікірінше, морфеманың басты ерекшелігі оның минималдылығы. Морфема – басқа бірліктерге (жай сөз, көмекші сөз, сөз бөліктері) байланысына және тіл жүйесіндегі рөлі мен орнына қарамастан ең кіші бірлік.

Ал Бодэнаның айтуынша, морфеманың басты ерекшелігі болып, оның басқа бірліктермен байланысы және тіл жүйесіндегі олардың орнының көрсетілуімен үйлесе келетін минималдылық.





Қытай лингвистерінің морфема түсігіне әр түрлі көз қараста болды. Олар сөзжасамдық қабілеттілігіне басты назар аудара отырып, осы сөз жасамдық бірлікті барлығына қожалық ететін немесе барлығын игеріп отыратын бірлік деп санайды.





Морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан әртүрлі болады, яғни, сөз құрылымының мағына мен рөліне орай олар түбір морфема немесе негізгі морфема және көмекші морфема болып бөлінеді. Жалпылама лексикалық мағынаны білдіретін морфема түбір морфема деп аталса, ал көмекші сөздер түбір морфеманы өзгертіп анықтайды, яғни, сөздің грамматикалық және сөзжасамдық мағынасын ажыратады.





Д.Е.Земская түбір сөзбен көмекші сөздің айырмашылығын былай деп түсіндіреді: Түбір морфема болмыс элементін білдіру ретінде танылады, сондықтан да олардың мағынасы нақты айғақты болып келеді. Аффикстік морфема ешқандай шындық элементі мен жанаспайды. Түбір морфема кейбір кезде лексикалық немесе атаушы деп аталады.






Түбір морфема сөздің әр түрлі лексика – грамматикалық топтары үшін бірдей ортақ морфема ретінде қызмет ете алады. Мысалы: 感морфемасы, яғни сезу, 感触, 感怀- уайымдау, 感动- қобалжу, 感情- сезім деген зат есімдердің, сын есімдердің, етістіктердің де түбірі болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды: түбір морфема – сөздердің қандай лексика- грамматикалық топқа жататындығына қарамастан, олардың барлығына бірдей тән, күллісіне бірдей ортақ, баршасына бірдей негізгі ұйтқы болатын элемент.





түбір морфема сөздердің ары қарай бөлшектенуге келмейтін және негізгі лексикалық мағынаны білдіретін бөлшегі болып табылады. Мысалы: сөздің грамматикалық формаларында қайталанады. 看- көру, қарау, 看过 – көрді, 看着- көре сала, 看了 - көрді. Түбір морфеманың ерекшеліктерінің бірі – оның сөзде орнының бекітілмеуі болып есептеледі, яғни, сол бір ғана түбір морфема сөзде басқа морфемалар мен байланысы турасында әртүрлі орында болуы ықтимал. Ол мүмкін сөздің басында, яғни, көмекші сөздің аяғында көмекші морфемалардан кейін және ортасында келуі мүмкін.





Түбір морфеманы –А, көмекші морфеманы – Б деп белгілеп алып, түбір морфемалардың қытай тілі сөздеріндегі әртүрлі қызметтеріне мысал келтірсек:

1. А: 风 – жел; 雪 қар
2. А.А: 山洞 – үңгір; 草木 – өсімдік; (ААА) 接力赛 эстафета; (АААА) : 输尿管炎- уретрит
3. А.Б: 木头 -ағаш;
4. А.А.Б: 接生员- акушер; 箭靶子 – нысана
5. А.Б.Б: 学者们 – оқымысты; 记者们 – журналист
6. А.А.А.Б: 始作俑者 – ұрыс бастаушы
7. Б.А: 老乡- жерлес; 非法 – заңсыз
8. А.Б.А: 男子汉- ер адам; 果子冻 – тәтті тамақ
9. Б.А.Б: 老头子 – қарт; 第三者- бөтен адам
- 10.Б.А.А.Б: 老百姓们 – тұрғындар








Өз алдына дербестігі жоқ, тек сөз құрамында түбір мофемаға жалғанып қолданылғанда ғана, белгілі бір мағынаға ие болатын көмекші морфемалар аффикстік морфемалар немесе аффикстер деп аталады.




Аффикстер мағынасы мен қызметі жағынан түрлі түрлі келеді. Аффикстің кейбіреуі дербестігі жоқ түбір морфемадан сөз тудырады немесе дербестігі бар түбір сөзден туынды сөз тудырады. Мысалы: орыс тілінде өз алдына дербес қолданыла алмайтын оч деген түбір морфема -ник деген аффикстің жалғануы арқылы толық лексикалық мағынасы бар сөзге (очник) айналған. Және де осы аффикстің ( ник) дербес сөз ретінде қолданыла алатын түбір морфемаға жалғануы арқылы туынды сөз жасалады. Мысалы : ударник. Дербестігі жоқ түбірден немесе дербестігін сақтаған түбір морфемадан сөз жасайтын мұндай аффикстерді сөз тудырушы аффикстер деп атайды. Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы деривациялық мағына деп аталады. Деривациялық – латынның derivato (меншіктеп бөлу) деген сөзден шыққан. Аффикстің кейбіреулері сөз бен сөзді байланыстырып, олардың өзара қарым қатынасын білдіреді.





Сөз бен сөзді байланыстырып, олардың бір біріне қатынасын білдіретін аффикстер сөз түрлендіруші аффикстер, ал олардың грамматикалық мағыналарын реляциялық мағына деп аталады. Реляциялық — мағынаның relatio (қарым қатынас) деген сөзінен жасалған термин. Көмекші морфемалар немесе аффикстер осылайша екі үлкен топқа бөлінеді де, әрбір жеке тілде олар сол тілдің грамматикалық құрылысының ерекшелігіне орай бірнеше түрге ажыратылуы мүмкін. Мысалы: 微: 微薄 :-мардымсыз, 琥: 琥珀 жасқұт Орыс тіліндегі көмекші морфемалар немесе аффикстердің префикс, суффикс, флексия деп аталатын түрлері бар.





Орыс тіліндегі суффикс деп аталатын морфема түркі тілдерінде, соның ішінде, қазақ тілінде жұрнақ деп аталатын морфемаға сәйкес келеді де, түбірдің соңынан жалғанады. Орыс тіліндегі суффикстермен барабар қызмет атқартын көмекші морфема – префикс. Суффикстер түбірдің соңынан жалғанса, префикстер түбірдің алдында тұрады. Түркі тілдердің бірі қазақ тілінде беймаза, бейтаныс, бейуақ, бейшара, бейхабар тәрізді сөздердің құрамында иран тілдерінен енген бей- префиксі ұшырасады. Бірақ ол префикстің қызметін атқармай, тек аталған сөздердің құрамында ғана қолданылып, бөшектенбейтін бір тұтас ретіде ұғынылады.





Жалаң буынды сөзде: сөз, морфема, иероглифтердің саны  
бірдей болады. Ал қос және көп буынды сөздерде: сөз,  
морфема, иероглифтердің саны ұқсамайды.  
Мысалы:例子,音节数, 词, 语素, 字





# 感谢聆听

Thank you to listen to criticism guidance

邮箱: [849889179@qq.com](mailto:849889179@qq.com)

Whatsapp:87013088361

